



Ақмешіт

19 мамыр
сейсенбі
№37 (2249)
2026 ЖЫЛ

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ЖАҢА НЫСАН

ЖЫЛ ОН ЕКІ АЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ЛАГЕРЬ

Ашылғанына көп уақыт болмаса да қаламыздағы Президент саябағы тұрғындардың сүйікті демалыс орнына айналып үлгерген. Мұнда тұрғындардың қауіпсіз әрі жайлы демалысын қамтамасыз етуге бағытталған барлық жағдай жасалған. Халықтың қарасы үзілмейтін, керемет демалыс орны кішкентай тұрғындар үшін де жайлы орын болмақ. Жакында саябақ аумағында «AI-KERIM» оқу-сауықтыру орталығы ашылды. Мемлекет басшысының қолдауымен салынған лагерь жыл бойы үздіксіз қызмет көрсететін болады. Салтанатты шараға аймақ басшысы Мұрат Ерғешбаев қатысты.

4-БЕТТЕ



Жылжытқыш (сәуір) / Жылжытқыш (сәуір)

ҚАЛА ТЫНЫСЫ



КӨГАЛДАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА

Қаланы көркейтіп, көгалдандыруға жылдан-жылға айрықша ден қойылып отыр. Ал көгалдандыру мәселесінде қаланы аяқсумен қамтамасыз ету – өзекті мәселенің бірі. Сондықтан облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев қаладағы аяқсу ұңғымаларының қазіргі жағдайын арнайы аралап көрді. Аймақ басшысы Н.Назарбаев даңғылы мен А.Шәменов көшесінің қиылысындағы, «Қорқыт ата» әуежайы аумағындағы, «Эдельвейс» саяжайы маңындағы және сол жағалаудағы көпбейінді аурухана жанындағы аяқсу ұңғымаларының жұмысымен танысты. Сонымен қатар облыс әкіміне сол жағалауда жүзеге асырылып жатқан көгалдандыру және жасыл белдеу жобалары таныстырылды. Қоныстанушылар саны артып келе жатқан шағын ауданда құрылыс жұмыстарымен қатар көгалдандыру ісінің де қатар жүргізілуі маңызды. Қазіргі таңда қаладағы 68 көшеде жалпы ұзындығы 98,6

шақырым болатын арық жүйелері бар. Оның ішінде 46 көшедегі 74,6 шақырым аумаққа аяқсу жеткізілуде. Бұдан бөлек, 3 көшедегі 4,4 шақырым ірі лотокпен, ал 39 көшедегі 68,6 шақырым кіші лотокпен жабдықталған. Қала бойынша он нүктеде орналасқан 16 насос қондырғысы толық қуатта жұмыс істеп тұр. Сондай-ақ 12 арық жүйесіне 19 насос арқылы су берілуде. «KazstroyCapital LTD Quzylorda» ЖШС-мен бірлесіп, аяқсу жетпеген көшелерді жерасты ұңғымалары арқылы сумен қамту жұмыстары қолға алынған. Осы бағытта Бөкейхан көшесіндегі арық жүйесіне аяқсу жеткізілді. Бұдан бөлек, «Қызылорда тазалығы» мекемесі қаладағы арықтар мен канал жүйелерін қалпына келтіру және тазалау жұмыстарын тұрақты түрде жүргізіп келеді.

«Ақмешіт-ақпарат»

Қазақстан ғылымы бүгінде жаңа бетбұрыс кезеңін бастан өткеріп отыр. Ғылым енді тек зертхана мен академиялық орта шеңберінде қалып қоймай, елдің технологиялық тәуелсіздігіне, экономикалық өсіміне, ұлттық қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін стратегиялық салаға айнауда. Жасанды интеллект, биотехнология, климаттық өзгерістер, энергетика, су және азық-түлік қауіпсіздігі секілді бағыттар ғылымның күн тәртібіне шыққан тұста, Қазақстан үшін де ғылымның болашақтағы ролі айрықша маңызды. Осы ретте ҚР Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясы Жас ғалымдар кеңесінің төрағасы, Ұлттық биотехнология орталығының Адам генетикасы зертханасының меңгерушісі Мақсат Жабағинмен сұхбаттасудың сәті түсті.



Мақсат ЖАБАҒИН, ҚР Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясы Жас ғалымдар кеңесінің төрағасы, Ұлттық биотехнология орталығының Адам генетикасы зертханасының меңгерушісі:

ҒЫЛЫМ ХАЛЫҚТЫҢ ИГІЛІГІНЕ АЙНАЛУЫ ҚАЖЕТ

– Қазақстандағы ғылымның даму бағытын қалай бағалайсыз және алдағы 10 жылда қандай салаға мән беру керек?
– Қазақстандағы ғылым бүгінде тек академиялық шеңбермен шектелетін жүйеден елдің технологиялық, экономикалық және әлеуметтік дамуының өзегіне айналатын жаңа модельге өту кезеңін бастан кешіруде. Осы өзгерістер аясында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясының трансформациясы ғылыми форсайт пен сараптамалық талдау арқылы ғылымның жаңа даму парадигмасын айқындайтын негізгі институтқа айналып келеді. Әлемдік ғылыми трендтерге көз жүгіртсек, алдағы 10 жылда бірнеше сала алға шығады. Олардың қатарында жасанды интеллекттің ғылымда қолданылуы (AI for Science), биотехнология және геномика, жаңа энергетика, климаттық технологиялар, жаңа материалдар, цифрлық медицина, азық-түлік және су қауіпсіздігі.

– Қазақстан үшін алдағы онжылдықтағы нақты бес басымдықты атап өтсеңіз.
– Біріншіден, ғылым үшін жасанды интеллект (AI for Science). Бұл бағыт тек IT саласында ғана емес, биологияда, медицинада, геологияда, ауыл шаруашылығында және климаттық модельдеуде кеңінен қолданылуы тиіс. Екіншіден, геномика, биологиялық қауіпсіздік және дербестендірілген медицина. Бұл халық денсаулығы, фармацевтика, сирек кездесетін ауруларды зерттеу және ұлттық генетикалық қорды түсіну үшін стратегиялық маңызы бар бағыт. Үшіншіден, су ресурстары, климат және агробиотехнологиялар. Қазақстан үшін бұл тек ғылыми мәселе емес, ұлттық қауіпсіздік мәселесі: су тапшылығы, жердің деградациясы, азық-түлік қауіпсіздігі. Төртіншіден, энергетикалық трансформация. Уран, сирек кездесетін, сүттек энергетикасы және көміртекті азайту технологиялары Қазақстанның жаһандық тізбектердегі орнын күшейтуге мүмкіндік береді. Бесіншіден, өңірлік ғылымды дамыту. Ғылым тек Астана мен Алматыда шоғырланбауы тиіс. Әр өңір өз ерекшелігіне сай ғылыми-технологиялық бағыттарды дамытуы қажет.

Сондықтан бізге ғылымды елдің ұзақ мерзімді дамуының, технологиялық егемендігінің және интеллектуалдық қауіпсіздігінің негізіне айналдыру қажет.

3-БЕТТЕ

БАСПАНАЛЫ БОЛУ БАҚЫТЫ БҰЙЫРДЫ

Бүгінде Сыр өңірі қарқынды құрылыс алаңына айналды. Мұны өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінен де, ай сайынғы осындай рәсімдер мен қоныстойлардан да байқауға болады. Нәтижесінде тұрғындарды баспанамен қамту жұмыстары бір жүйеге түскен. Биылдың өзінде тұрғын үй кезегіндегі азаматтарға 2400 пәтер табыстау үшін бюджеттен 55 млрд теңгеден астам қаржы қарастырылған. Соның нәтижесінде Сыр өңірі халықтың әлеуметтік осал топтарына тұрғын үй сатып алу көрсеткіші бойынша республикада алдыңғы орынға шыққан. Өткен аптада сол жағалаудан құрамында 10 үй бар тұрғын үй кешенін табыстау рәсімі өтті.



Салтанатты шараға облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, ҚР Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, зиялы қауым өкілдері қатысты. Салтанатты рәсімде сөз сөйлеген аймақ басшысы кейінгі жылдардағы халықтың тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған ауқымды жобаларды атап өтті. – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Қолжетімді баспана – арман емес, біздің азаматтарымыздың алдындағы міндетіміз» деген болатын. Бүгін тұрғын үй кезегінде тұрған жерлестерімізге жалпы аумағы 33 мың шаршы метрден асатын 600 пәтердің кілтін табыстап отырмыз. Тұрғын үй кешенінің аумағында екі футбол, төрт спорт және ойын алаңы, тынығу аймағы,

250 орындық автотұрақ және үш коммерциялық нысан орналасқан. Алдағы уақытта да шаһар келбетіне сән беретін заманауи тұрғын үйлер бой көтереді. Мемлекет басшысы – тұрақтылық пен ертеңі күнге деген сенімнің кепілі. Жаңа қоныстарыңыз құтты болсын! Әр шаһарға бақ-береке, ырыс пен ынтымақ тілеймін, – деді облыс әкімі. Халықтың көзқаранына айналған зәулім үйлердің көптеп салынуына қыстын суығы, жаздың аптап ыстығына қарамастан тер төгіп жүрген құрыш қолды құрылысшылардың еңбегі зор. Олар білікті маман ретінде елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына барынша үлес қосып келеді. Салтанатты шарада тұрғын үйді салған мамандар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Бүгінде Сырдарияның сол жағалауында құрылыс қарқынды жүруде. Тұрғын үйлердің сапалы болуы жіті бақылауда. Соңғы үлгідегі құрылыс материалдары қолданылған. Тұрғындарға жайлы орта қалыптастыру үшін ішкі және сыртқы абақтандыру жұмыстарына мән берілген. Инфрақұрылым толық қамтамасыз етілген.

А.АЙТЖАН

МӘСЛИХАТ МІНБЕРІ

ТАСБӨГЕТТЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР МӘСЛИХАТ МІНБЕРІНДЕ АЙТЫЛДЫ



Бүгінде депутаттар сессияда қалаға қарасты ауылдық округ пен кенттердің мәселесін жиі көтеріп, ауылдардың инфрақұрылымы мен абақтандырылуын, әлеуметтік нысандардың күрделі жөнделуіне назар аударып, сессияның күн тәртібіне қойылған мәселені егжей-тегжейлі анықтау үшін елді мекендерді аралап көруде. Кезекті сессияда Тасбөгет кентіндегі әлеуметтік нысандарды күрделі жөндеу мәселесі күн тәртібінде қаралып, халық қалаулылары кенттегі шешімін таппай жатқан жайттармен танысқан болатын. Осыған орай қалалық мәслихат депутаты Ақманат Төлегеновамен сұхбаттасқан едік.

4-БЕТТЕ

Байқаған боларсыздар, кейінгі кезде кәсіпкерлердің сауда бұрынғыдай емес, азайды деген уәжін естіп жүрміз. Өзіміз де қаржыны үнемдей бастағаннан ба, бейберекет зат сатып алмайтын болдық. Сарапшылар автокөлік нарығында да тоқырау басталғанын айтуда. Ірі сауда орталықтарында «жалға беріледі» деген жазулар да көбейген. Кеше ғана келушілер арылмайтын киім дүкені мен базарларда сауда бұрынғыдай емес қаржыны бәсеңдеген. Бұл қаржылық тоқырау ма, әлде ел ақшасын үнемдей бастады ма? Сараптан көрейік.



ҮНЕМДЕУГЕ КӨШІП ЖАТЫРМЫЗ

Биылдан бастап күшіне енген жаңа салық кодексі бизнеске қосымша салмақ болды. Қосылған құн салығының 12%-дан 16%-ға дейін көтерілуі тауардың өзіндік құнының күрт өсуіне әкелді. Киім дүкендерінен бастап, азық-түлік емес тауарларға дейін бағаның өсуі байқалауда. Бұл онсыз да азайып жатқан сатып алу қабілетін одан әрі тежеп, сауданың «тоқырауына» түрткі болды. Үкімет бұл қадамды бюджет түсімдерін арттыру және Ұлттық қорға тәуелділікті азайту үшін жасалған мәжбүрлі шара деп түсіндіреді.

2-БЕТТЕ

Баспасөз-2026

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?

Баспасөзге 2026 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүруде. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңізге жазылуы ұмытпаңыз.

Жекелер үшін
6 айға – 4000 теңге,
мекемелер үшін – 5000 теңге.
Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар:
40-05-81, 70-14-08.

Мақсат ЖАБАҒИН, ҚР Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясы Жас ғалымдар кеңесінің төрағасы, Ұлттық биотехнология орталығының Адам генетикасы зертханасының меңгерушісі:

ҒЫЛЫМ ХАЛЫҚТЫҢ ИГІЛІГІНЕ АЙНАЛУЫ ҚАЖЕТ

– Жасанды интеллект, биотехнология, экология, энергетика секілді бағыттардың ішінде қайсысына көбірек басымдық берілуі керек? Осы салаларда әлемдік көшке ілесу үшін бізге не кедергі?

– Қазіргі жаһандық ғылыми трендтер көрсетіп отырғандай, негізгі серпіліс дәл осы салаларда. Яғни, мәселе таңдауда емес, дұрыс пәнаралық байланыс жасауда. Егер жүйелік кедергілер туралы айтсақ, онда ғылыми қаржыландыруды екі негізгі механизмдерге қатысты атап айтқан жөн. Ол гранттық қаржыландыру және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру.

Гранттық қаржыландыру деңгейінде, яғни ғалымдардың өз бастамалары негізінде ұсынылатын жобаларда, идеяларға жеткілікті деңгейде мән бермейміз. Ал ғылымның өзегі – идея. Қазіргі жүйе көбіне жаңа идеяларға сапалы сараптама жасаудан гөрі, оларды формалды талаптар арқылы іріктеуге бейім. Соның салдарынан көптеген жоба мазмұнына емес, рәсімдік критерийлерге байланысты отпей қалады. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында, яғни мемлекет нақты ғылыми-технологиялық міндеттерді әзірлеу үшін айқындайтын жағдайда, көбіне осы міндеттердің нақты мазмұны жеткілікті деңгейде пысықталмағанын көреміз. Көп жағдайда шешімдер ғылыми бағаға емес, әкімшілік логикаға сүйеніп қабылданады. Ал әлемде сараптамалық шолу, тәуелсіз сараптама, халықаралық бағалау – негізгі стандарт.

– Отандық ғылымның халықаралық интеграциясын жасарту үшін тек зертханалар құру жеткілікті ме, әлде түбегейлі өзгерістер қажет пе?

– Инфрақұрылым мәселесі де өте өзекті. Бізде ғылыми инфрақұрылым баяу жанар-тыртылауда, ал реттеу тетіктері заманауи технологиялардың даму қарқынына ілесіп алмай отыр. Бүгінде ғылым өте жылдам өзгереді – жаңа әдістер, жаңа құралдар, жаңа платформалар пайда болады. Ал біздегі жүйе көбіне инерциялық сипатта. Халықаралық интеграцияның жеткіліксіздігі тағы бар. Бізге жетекші әлемдік зертханалармен тығыз байланыс қажет. Яғни, тек ынтымақтастық туралы меморандумдар емес, қазақстандық ғалымдардың алдындағы қатарлы зертханаларда жұмыс істеуі, тәжірибе жинақтауы және кейін елге оралып, сол тәжірибені негізінде «айна зертханалар» (mirror labs) құруы маңызды. Бұл – технологиялық трансфердің ең тиімді жолдарының бірі. Ең үлкен кедергі тәуекел мәдениетінің әлсіздігі. Ғылымда серпіліс жасау үшін тәуекелге бару керек. Бізде көбіне «кәтелесу» түсінігі басым, ал дамыған елдерде «тез кәтелесіп, тез үйрену» қағидасы жұмыс істейді.

– Ғылым мен өндірістің арасындағы байланыс туралы жиі айтылады. Отандық ғалымдардың ғылыми жаңалығы тек қағаз жүзінде қалмауы үшін не істеу керек?

– Ғылым мен өндірістің байланысы туралы айтқанда, патенттің болуы – дайын өнім деген сөз емес. Патент – тек бастапқы нүкте. Нақты нәтиже лицензия, стартап, өндіріс, экспорт және табыс арқылы өлеуі тиіс. Қазақстанда бұл бағытта оң динамика бар. WIPO дерегіне сүйенсек, 2024 жылы Қазақстан бойынша патенттің өтімділігі саны 975-ке жетіп, 17 пайызға өскен, резиденттік өтімділер саны – 933. Университеттердің үлесі 2022-2024 жылдары 17,4 пайыз болған. Бірақ мәселе өтімділігінің санында ғана емес. Ғылым қорының мәліметінше, 2016 жылдан бері коммерцияландыру бойынша 2148 өтімді беріліп, 416 жоба мақұлданды, 386 шарт жасалған. 180-нен астам өндіріс сатылымға шыққан, 19 жоба экспортқа шыққан. Бұл жақсы көрсеткіш, бірақ жүйелік тұрғыдан алғанда, әлі де патенттен нарыққа дейінгі жол әлсіз. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, табысты елдерде ғылымды коммерцияландыру жеке-жеке жобалар арқылы емес, тұтас экожүйе арқылы жүзеге асады. Мәселен, АҚШ-та Вауш-Дол моделінен кейін университеттерге федералдық қаржыландыру есебінен жасалған өнертабыстарды патенттеп, лицензиялауға мүмкіндік берілді. 1996-2020 жылдары АҚШ университеттерінің технология трансфері 554 мың өнертабыстың жариялануына, 141 мың патентке және 18 мың стартаптың құрылуына ықпал еткен. AUTM дерегі бойынша, 2023 жылы АҚШ академиялық технология трансферінен лицензиялық табыс 3,6 млрд доллар болған. Қазақстанға осы тәжірибеден бірнеше нақты тетік қажет. Біріншіден,

университеттер мен ғылыми институттарда кәсіби технология трансфері кеңселері болуы керек. Олар тек патент рәсімдеумен емес, нарықты талдаумен, инвестор табумен, лицензиялық келісім жасаумен және стартап сүйемелдеумен айналысуы тиіс.

Екіншіден, патент саны емес, коммерциялық нәтиже негізгі КРІ болуы керек. Лицензиялық келісімдер, сатылым көлемі, экспорт, жеке инвестиция, жаңа жұмыс орындары. Үшіншіден, ғалымға үлес пен мотивация берілуі қажет. Егер ғалым өз жаңалығының экономикалық нәтижесінен әділ үлес алмаса, коммерцияландыру қағаз жүзінде қалады. Төртіншіден, идеяның өміршеңдігін дәлелдеу және прототиптеуді қаржыландыру қажет. Көп идея зертханадан шыққанымен, бизнеске дайын болмайды. Сол аралықта шағын, жылдам, бюрократиясы аз қаржыландыру керек. Бесіншіден, ірі ұлттық компаниялар мен бизнеске ғылыммен жұмыс істеу міндетін енгізу қажет. Мысалы, жер қойнауын пайдалану, энергетика, ауыл шаруашылығы, медицина және экология салаларында компаниялар отандық ғылыми шешімдерді пилот ретінде сынауға мүдделі болуы керек. Қазақстанда патент бар, идея бар, ғалым бар. Енді басты міндет – патентті есеп үшін емес, нарық үшін жасау. Ғылым халықтың игілігіне айналуы үшін бізге «макала – патент – есеп» логикасынан «идея – прототип – пилот – өндіріс – экспорт» логикасына көшу қажет.

– Бүгінгі жас ғалымдардың цифрлық технологияларға бейімділігі отандық ғылымның қарқынын қаншалықты жеделдетті?

– Бүгінгі жас ғалымдардың аға буыннан басты айырмашылығы – олардың ғылымды тек тар академиялық сала ретінде емес, жаһандық цифрлық экожүйенің бір бөлігі ретінде қабылдауында. Қазіргі жас зерттеушілер халықаралық дерекқорлармен, open-source платформалармен, жасанды интеллект құралдарымен, үлкен деректермен және халықаралық коллаборациялармен әлдеқайда еркін жұмыс істейді. Бұл ғылымның жылдамдығын түбегейлі өзгертті. Мысалы, халықаралық зерттеулер көрсеткендей, жас зерттеушілер generative AI және цифрлық құралдарды ең белсенді қолданады. Stanford университетінің AI Index 2025 баяндамасында ЖИ-дың ғылымдағы, медицинадағы және зерттеу процесіндегі ролі күрт өсіп жатқаны атап өтіледі. Ал Дүниежүзілік банк пен World Economic Forum есептері ЖИ және цифрлық дағдылар алдағы жылдары ғылым мен экономикадағы негізгі бәсекелестік факторы болатынын көрсетеді. Бұрын ғылыми ақпаратқа қол жеткізу ұзақ уақытты талап етсе, бүгінде жас ғалым бірнеше сағат ішінде әлемдік әдебиетті талдап, деректерді өңдеп, модель құрып, халықаралық әріптестермен бірлескен зерттеу бастай алады. Әсіресе биоинформатика, геномика, климаттық модельдеу және материалтану сияқты салаларда цифрлық технологиялар ғылымға өзгеріс әкелуде. Тағы бір маңызды өзгеріс – жас ғалымдардың пәнаралық ойлау қабілеті. Қазіргі буын биология мен бағдарламалауды, физика мен деректерді талдауды, медицина мен ЖИ-ды қатар байланыстыра алады. Әлемдегі ең ірі серпінді зерттеулер дәл осындай пәнаралық ортада туындап жатыр. Бірақ бұл жерде маңызды тәуекел де бар. Халықаралық сарапшылар қазір ЖИ пайдалану мен терең ойлау қабілетін сақтау арасындағы тепе-теңдік мәселесін көтеруде. Кейбір зерттеулер жасанды интеллектке шамадан тыс тәуелділік сыни ойлау мен аналитикалық дағдыларды әлсіретуі мүмкін екенін көрсетеді. Қазақстан үшін бұл үлкен мүмкіндік деп ойлаймын. Өйткені бізде жас буын цифрлық технологияларға өте бейім. Бірақ ендігі мәселе, сол таланттардың дұрыс ортасын орналастыру. Бізге суперкомпьютерлер, заманауи зертханалар, ашық ғылыми деректер, халықаралық тағлым-дамалар және әлемнің жетекші зерттеу орталықтарымен тұрақты байланыс қажет. Қазір ғылымдағы басты ресурс – талант пен жылдамдық.

– «Ақыл-ойдың көшуі» (brain drain) мәселесі көптеген дамушы елдер үшін өзекті. Қазақстандық дарынды жастардың



біршамасы шетелге кетіп қалмауы үшін қандай жүйелі жұмыс атқарылуы керек?

– Әлемде дарынды жастардың мобильділігі қалыпты құбылыс. Сондықтан басты мақсат – жастарды шетелге мүлде жібермеу емес, оларды қайта оралатын және елмен байланысын үзбейтін жүйе құру. Елімізде бұл бағытта соңғы жылдары бірқатар маңызды шаралар қолға алынып жатыр. Жас ғалымдарға арналған арнайы гранттық бағдарламалар бар. Постдокторантура институты дамып келеді, ғылыми жобаларды қаржыландыру көлемі біртіндеп артуда. Сонымен қатар халықаралық бағдарламалар арқылы (мысалы, «Болашақ») шетелде білім алып, кейін елге оралу тегі жұмыс істейді. Соңғы жылдары жас ғалымдарға арналған тұрғын үй бағдарламалары іске қосылды, жаламалы пәтер беру, жеңілдетілген ипотека, ғылыми ұйымдар жанынан жатақханалар салу сияқты бастамалар бар. Бұл әсіресе ғылымда қалу туралы шешім қабылдауда өте маңызды фактор. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясының жаңа форматы, Жас ғалымдар кеңесінің құрылуы мотивацияны беретін маңызды қадамдар. Қазір шетелде тағлымдамадан өтіп, кейін елге оралып жұмыс істеу мүмкіндігі кеңейіп келеді. Бұл өте дұрыс бағыт. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, ең тиімді модель – «brain circulation», яғни білім мен тәжірибенің айналымы. Бірақ, бұл шаралар жеткілікті деп айтуға әлі ерте. Негізгі мәселе, тек қаржыландыруда немесе әлеуметтік пәктетте емес. Талантты адам ең алдымен ғылыми орта мен мықты зертхананы таңдайды. Егер ел ішінде әлемдік деңгейде зерттеу жасауға мүмкіндік болмаса, қандай жағдай жасалса да, негізгі шешім болмайды. Жас ғалым үшін ең маңыздысы – оның еңбегі мен нәтижесі әділ бағалануы. Егер жүйеде формализм басым болса, ол таланттарды ұстап тұру қиын. Ғалым өз болашағын түсінуі керек. Осы орайда Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясының Жас ғалымдар кеңесі «Ғылым жастары» концепциясын әзірледі. Ол – ғылымға келу → қалыптасу → халықаралық деңгейге шығу → ел ішінде орнығу кезеңдерін қамтитын үздіксіз қолдау жүйесін жасау, талтықанды ғылыми экожүйе құруға арналған. Қорытындылай айтқанда, талантты елде ұстап қалуың формуласы қарапайым. Қызықты ғылым + әділ жүйе + лайықты өмір сүру жағдайы. Егер осы үш нәрсе тең болса, онда Қазақстан ғылым үшін тартымды орталыққа айналады.

– Ғылымға енді келген жас зерттеушіге берер ең басты үш кеңесіңіз қандай болар еді?

– Бұл сауалға уақыт сынынан өткен ойшылдардың сөзімен жауап беруге болады. Альберт Эйнштейннің «Менде ерекше қабілет жоқ, тек шексіз қызығушылық бар» деген ойы ғылымдағы ең басты қасиет талант қана емес, қызығушылық пен ізденіс екенін аңғартады. Ал Мария Кюридің «Өмірде қорқатын ештеңе жоқ, оны тек түсіну керек» деген сөзі күрделі тақырыптардан қашпай, керісінше, оларды зерттеп, мәнін ұғынуға шақырады. Ричард Фейнманның «Ең басты қағида – өзіңді алдамау, өйткені алдауға ең оңай адам – өзің» деген тұжырымы ғылымдағы адалдық пен сыни ойлаудың қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Қысқаша айтқанда, жас зерттеуші қызығушылығын жоғалтпай, қиындықтан қорықпай, өзіне әрдайым сын көзбен қарай білуі керек.

– Сұхбатыңызға рахмет!



Аймақта 5-6 мамыр күндері өткен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясы президентінің көшпелі отырысы – өңірлік ғылымның ел дамуындағы орнын жаңаша пайымдауға жол ашқан маңызды жиын. «Қуатты өңірлік ғылым – қуатты өңір» тақырыбымен ұйымдастырылған бұл отырыс тек ғылыми қауымдастықтың кезекті басқосуы емес, аймақтың әлеуметтік-экономикалық болашағына қатысты нақты мәселелерді ғылыми тұрғыдан саралаған мазмұнды алаңға айналды.

Өңірлік ғылымды дамытуға басымдық беріледі

Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күршібаевтың айтуынша, елімізде қолданбалы ғылымды дамытуға бағытталған жаңа жүйелі өзгерістер қолға алынып жатыр. Оның сөзінше, бұл бастамалар ғылымды қаржыландырудан бастап, ғалымдарды даярлау, өңірлік ғылымды дамыту, цифрлық бақылау жүйесін енгізу және ұлттық маңызды бар ірі жобаларды жүзеге асыруға дейінгі бірнеше бағытты қамтиды.

– Ұлттық ғылым академиясы қолданбалы ғылымды дамыту үшін жаңа модель ұсынды. Онда бірнеше маңызды жаңалық қамтылған. Қазіргі ғылымдағы ең басты мәселелердің бірі – ғалымдардың жеткілікті деңгейде қалыптаспай жатқаны. Осыған байланысты Ұлттық ғылым академиясының ұсынғанына ғалымдарды даярлаудың арнайы төрт деңгейлі жаңа моделі әзірленді. Бұл ұсыныстар жүйесі 2027 жылдан бастап қолданысқа енгізіледі деп күтілуде. Қаржы ғылыми зерттеулердің нақты нәтижесіне, олардың қолданбалы бағытына және практикалық тиімділігіне қарай бөлінуі тиіс. Яғни мемлекет әрбір жобаның қалай іске асып жатқанын, қандай нәтиже беріп жатқанын тұрақты түрде бақылап отыруы қажет. Бұл ғылымды басқарудағы жаңа бетбұрыс, – дейді Ақылбек Қажығұлұлы.

Ұлттық ғылым академиясының президенті қолданбалы ғылымның жаңа форматын қалыптастыру да маңызды бағыттардың бірі ретінде қарастырылып отырғанын атап өтті. Ақылбек Қажығұлұлының айтуынша, бұл тәсілді іске асыру үшін бұған дейін Ғылым және жоғары білім министрлігін құзырында болған, қолданбалы ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу функцияларын тікелей салалық министрліктер мен жергілікті атқарушы органдарға беру қажет. Себебі дәл осы құрылымдар өндіріспен тығыз байланыста жұмыс істейді, салалар мен өңірлердің нақты проблемаларын жақсы біледі және жергілікті жердегі сұранысты нақты бағалай алады. Бұл өңірлік ғылыми зерттеулердің тақырыптарын бұрынғыдай тек ғылыми ұйымдар емес, өндірістің нақты қажеттіліктері мен форсайттық зерттеулер негізінде әкімдіктердің өзі айқындайды. Яғни ғылым нақты экономикаға, өндірістің сұранысына және өңірлердің даму басымдықтарына тікелей қызмет етуі тиіс. Сонымен қатар облыстардың құзыретіне айқындалған тақырыптардың белгіленген ғылыми басымдықтарға сәйкестігін тексеру, ғылыми-техникалық тапсырмалар дайындау, ғылыми конкурстар ұйымдастыру міндеттері кіреді. Бұған қоса, ғылыми жобаларды қаржыландыруға жергілікті бюджет, бизнес және мемлекеттік емес ғылыми қорлар қаражатын тарту да өңірлердің маңызды міндеттерінің бірі болмақ. Ендігі маңызды міндет – осы мүмкіндікті тиімді пайдаланып, қолданбалы ғылымды нақты өндірістік және өңірлік мәселелерді шешуге бағыттау.

– Қазіргі уақытта Ұлттық академияның жетекшілігімен осы модельді іске асыруға арналған цифрлық жүйе әзірленіп жатыр. Оның мақсаты – қолданбалы ғылыми жобаларды дайындау және орындау процесін цифрлық форматта бақылау, олардың орындалу сапасын автоматты түрде бағалау және осы негізде салалық министрліктердің, әкімдердің және ғылыми ұйымдардың рейтингтерін қалыптастыру, сондай-ақ қолданбалы ғылымды дамытудағы негізгі тиімділік көрсеткіштерін, яғни КРІ-ларды айқындау, – дейді ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті.

Ұлттық ғылым академия президентінің айтуынша цифрлық платформа арқылы бүкіл институттардың жұмысын бақылауға мүмкіндік туады. Кабинетте отырып-ақ әрбір жобаның қандай деңгейге жеткенін, қандай жұмыс

атқарылып жатқанын және қандай қорытындыға келгенін көруге болады. Мұның бәрі ғылымды заманауи цифрлық басқаруға көшірудің маңызды қадамы болмақ.

– Өңірлік ғылым мәселесіне келсек, бұл бағытта Мемлекет басшысының нақты тапсырмасы бар. Қазір ғылымға бөлінетін қаражаттың шамамен 71 пайызы, ал ғалымдардың 61 пайызы екі қалада – Алматы мен Астанада шоғырланған. Бұл – үлкен қайшылық. Мұндай жағдайда қолданбалы ғылымды толыққанды дамыту қиын. Сондықтан Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес өңірлік ғылымды дамытуға қажетті шешімдер қабылданды. Осы бағытта Ұлттық ғылым академиясы өңірлерге барып, көшпелі брифингтер мен отырыстар өткізуде. Бұл кездесулерде әкімдерге, жергілікті ғалымдарға және практикалық сала өкілдеріне қолданбалы ғылымды дамыту жолдары түсіндірілді. Облыстық ғылыми басымдықтары мен өңірлік ғылыми рейтингтері анықталды. Мұндай жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасатын, – дейді Ұлттық ғылым академиясының президенті.

Тағы бір маңызды жаңалық – Ұлттық ғылым академиясының ірі гранттық және флагмандық жобаларды ұсынуы. Академия мұндай бастамалар ел үшін аса қажет, ұлттық маңызды жобаларға бағытталуы тиіс деп санайды. Осы жобалар аясында отандық және шетелдік ғалымдардың әлеуетін біріктіріп, мемлекет үшін стратегиялық мән бар салаларда жүйелі ғылыми жұмыс жүргізуге мүмкіндік туады.

– Бүгінде республикамызда нақты қанша су қоры бар екенін толық әрі онлайн режимде бақылап отырған жоқпыз. Су көлемін тұрақты түрде мониторинг жасап, нақты есептеп, болжап отыру қажет. Осыған байланысты Ұлттық ғылым академиясы бір жыл бұрын арнайы жоба дайындады. Бұл жоба цифрлық технологияларға негізделген. Оның мақсаты – су ресурстарын онлайн режимде бақылау, олардың көлемін анықтау, болжау және тиімді басқару. Мысалы, Қытай қолданатын су ресурстарын бақылау тәжірибесін ескере отырып, сол цифрлық технологияларды Қазақстан жағдайына бейімдеу ұсынылып отыр. Қытайлық әріптестерімізбен бірлесіп, Кеністіктік-уақыттық интеллект орталығын құруды және «DeerBas» платформасын әзірледі. Бұл жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін су ресурстарын басқарудың интеллекттуалды жүйесі. Келесі жылдан бастап Арал – Сырдария бассейнінде ауқымды 5 жылдық мегажобаны іске қосуды жоспарлап отырмыз. Бұл арқылы біз еліміздегі су ресурстарының көлемін нақты біліп, оны алдын ала болжап, тиімді басқара аламыз, – дейді Ақылбек Қажығұлұлы.

Сыр өңірі үшін өзекті саналатын су тапшылығы, Арал теңізінің экологиялық ахуалы, агроөнеркәсіп кешенін жаңғырту, күрші шаруашылығын дамыту, қайта өңдеу өндірісін күшейту және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану сияқты күрделі мәселелер отырыстың негізгі арқауына айналды.

Қызылордадағы көшпелі отырыстың маңызы да осында. Жыныда өңірдің табиғи ерекшеліктері мен экономикалық әлеуетін ескере отырып, ғылыми жобаларды жергілікті сұраныспен байланыстыру, қолданбалы зерттеулердің нәтижесін өндіріске енгізу, сондай-ақ аймақтық даму стратегиясын ғылыми негізде қалыптастыру мәселелері кеңінен сөз болды. Ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты нығайту, өңірлердегі ғылыми әлеуетті қолдау және жергілікті мәселелерге жергілікті шешім ұсыну отырыстың басты идеясына айналды.

Бетті дайындаған София ХАЙРУЛЛА

ТАСБӨГЕТТЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР МӘСЛИХАТ МІНБЕРІНДЕ АЙТЫЛДЫ

– Тасбөгет кентінің мәселесін мәслихат мінберінде көтеріп жүргенімізді білеміз. Сонғы кезде кент көпқабатты үйлерімен көз тартады. Дегенмен тасбөгеттіктер үшін тұрғын үйге қатысты мәселе бар ма?

– Қазіргі таңда кент аумағында 95 көпқабатты тұрғын үй бар. Соның ішінде 25 үй апатты деп танылған. Бұл – тұрғындарды да алаңдатып отырған ең өзекті әлеуметтік мәселе. Бүгінгі күні апатты үйлердің тұрғындарына жана пәтер беру немесе оларды басқа жерге көшіру бойынша нақты шешім әлі қабылданған жоқ. Дегенмен бұл мәселе назарда. Қазіргі таңда тиісті мекемелер тарапынан түрлі ұсыныс қарастырылуда. Сонымен қатар тұрғын үйлердің жақсарту бағытында да жұмыс жүргізілуде. Мәселен, 2025 жылы апатты емес 16 көпқабатты үйдің шатыры жөнделді. Бұл да тұрғындарға жасалып жатқан қолдаудың бір көрінісі деп ойлаймын.

Алдағы уақытта апатты үйлер мәселесін кезек-кезеңімен шешу, яғни үйлерді күрделі жөндеу немесе тұрғындарды қауіпсіз жана баспанамен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыс жалғасуда. Себебі бұл – халықтың қауіпсіздігі мен өмір сапасына тікелей қатысты маңызды мәселе.

– Көріз суын тазартуға арналған модульдік станциясының қазіргі жай-күйі қалай? Сол туралы да айта кетсеңіз.

– Көріз суы станциясының мәселесі – кенттегі тұрғындарды көптен бері мазалап келе жатқан ең үлкен мәселенің бірі. Қазіргі таңда станция мен тұрғын үйлердің арасы өте жақын, шамамен 200 метрдей ғана. Сол себепті тұрғындар жағымсыз иіске байланысты үнемі шағым айтып келеді. Әсіресе жаз айларында терезе ашу қиын, кейде далаға шығып отырудың өзі қолайсыз болатынын жиі айтады. Бұл – рас мәселе. Мен өзім де ол жерге бірнеше рет барып көрдім, сондықтан тұрғындардың айтқаны орынды деп ойлаймын. Қазір бұл станцияға көріз суын тоғу тоқтатылған. Бұрын келіп төгетін ассенизатор көліктері енді Титовтағы газарту станциясына барып құйып жүр. Бұған дейін кейбір көліктердің көріз суларын арнайы орындарға емес, жолай бос жатқан жерлерге төгіп кеткен жағдайлары да болған. Қазіргі таңда ондай мәселелер тоқтап, бақылауға алынған деуге болады.

Негізгі жоспар бойынша бұл станцияны Қызылжармадағы газарту станциясына қосу жобасы қарастырылып жатыр. Жобаның құны – 6,2 миллиард теңге. Қазір қаржы болу мәселесі қаралуда. Егер қаржы бөлінсе, бұл мәселе де түбегейлі шешімін табады. Соның нәтижесінде кенттің экологиялық жағдайы жақсарып, тұрғындарға әлдеқайда қолайлы орта қалыптасады.

– Халықтың денсаулығын қоғамның басты байлығы. Тасбөгеттіктердің денсаулығын қалағалап, ем жүргізетін №4 емхананың жағдайы өзінше белгілі. Өзектілігі күн тәртібінен түспей тұрған емхана мәселесі қалай шешіледі?

– №4 қалалық емхана бүгінде кент тұрғындары үшін өте маңызды медициналық мекеме болып отыр. Қазіргі таңда бұл емханаға кент тұрғындарымен бірге кентке қарасты елді

мекендерді қосқанда 40 мыңнан астам адам қарайды. Бірақ емхананың қазіргі ғимараты бүгінгі талапқа толық сәйкес келмейді. Ғимарат ескі, кезінде, нақты айтқанда 1984 жылдары салынған бұрынғы «Қазпочта» ғимараты болған. Медициналық құрал-жабдықтар да жеткіліксіз, тұрғындарға қолайлы жағдай толық жасалмаған. Әсіресе мүгедектігі бар азаматтарға өте қиын, себебі ғимаратта лифт қарастырылмаған.

Сондықтан жана, заманауи емхана салу мәселесі өте өзекті болып отыр. Қазіргі таңда бұл мәселе тиісті деңгейде қаралып, жана нысан салу үшін ұсыныс берілуде. Сессияда облыстық денсаулық сақтау басқармасының маманы да бұл мәселені айтып өтті. Қазір тұрғындарға ыңғайлы жерден жана ғимарат болмаса да, уақытша ғимарат қарастырылып жатқанын жеткізді. Құдай қаласа, алдағы уақытта бұл мәселе де шешімін табады деп ойлаймын.

– Халық қалаулылары С.Майқанова атындағы мәдениет үйінің қазіргі жай-күйімен танысты. Күрделі жөндеу жасала ма?

– Ең өзекті мәселені қозғалды. Шынында Сәбира Майқанова атындағы мәдениет үйі бүгінде күрделі жөндеуді қажет етіп тұр. Қазіргі таңда онда 35 ке жуық қызметкер жұмыс жасайды. Сонымен қатар ішінде №1 және 13 қалалық кітапхана орналасқан, оның тұрақты оқырмандары бар. Бұдан бөлек, осы мәдениет үйінде «Арман» инклюзивті театры жұмыс істейді. Жалпы бұл ғимаратта жылына 100-ден астам мәдени шара өтеді. Сондықтан бұл нысан кент тұрғындары үшін маңызды рухани орталықтың бірі деуге болады.

Күрделі жөндеу мәселесі бойынша ұсыныс ресми түрде көтеріліп, жоспарға енгізілген. Дегенмен, бәрі қаржы мәселесіне келіп тірелетіні белгілі. Соған қарамастан, өткен жылы мәдениет үйінің ішіне жана көрволан төселіп, заманауи LED экран алынды. Сонымен бірге өткен сессияда қыс мезгілінде де, жазда да пайдалануға болатын екі «зима-лето» кондиционері орнатылды.

– Кент көркіні кіргізетін саябақ абаттанса, тұрғындарға демалыс орнына айналар еді. Сол аумақты қоғаландыру жоспарда бар ма?

– Кент орталығындағы жалғыз саябақ пен аллея да бүгінде толық абаттандырылмаған. Алдағы уақытта бұл аумақтарды жаңғырту, тұрғындардың демалуына қолайлы орта қалыптастыру бағытында жұмыс жүргізіледі деп жоспарланып отыр.

– Тасбөгет кенті көшелері талмен көмкерілген. Алайда су айдайтын насос істен шығып қалатын кездер айтылып жүр. Биыл тұрғындар аяқсу мәселесін кезікпей ме?

– Қазіргі таңда кентке үйлестірілген 4 насос бар. Бүгінде төрт насос та қалыпты жағдайда жұмыс істеп тұр. Әрине, техника болғаннан кейін жеке ақау шығып, істен шығатын жағдай болады. Бірақ қазіргі уақытта насостардың жұмысы бақылауда. Өткен сессияда кент көшелерін күтіп ұстау, арықтарды тазалау және насостардың тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін 15

миллион теңге көлемінде қаржы бөлінді. Бұл қаржы алдағы уақытта жүйелі жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді деп ойлаймын. Сондықтан алдағы уақытта насостардың жұмысы тұрақтанып, тұрғындарға қолайсыздық тудырмайды деген сенім бар.

– Тұрғындардың сауалдары жалпы жол, жарық инфрақұрылымына қатысты өзектілікке ие. Шет аймақтағы көшелер қашан жөнделеді? Кейбір шет жақтағы көшелерге қоғамдық көлік қатынамайды. Сол қалай шешіледі?

– Тұрғындардың қалыпты әрі жайлы өмір сүруі үшін ең алдымен инфрақұрылым мәселесі маңызды екені белгілі. Қазіргі таңда кентіміз едәуір үлкейіп, халқының саны 35 мыңнан асты. Соған байланысты шешімін күтіп тұрған мәселелер де бар. Әлі күнге дейін асфальт төселмеген көшелер кездеседі.

Дегенмен бұл бағытта соңғы жылдары бірқатар жұмыс атқарылып жатыр. Мысалы, бұған дейін Оразбаев көшесіне асфальт төселді. Ол көшенің жағдайы өте нашар болып, қоғамдық көліктің өзі әрең жүретін. Сонымен қатар шет аймақтардағы 10 көшеге кийрышқас төселді.

Қазіргі таңда облыстық бюджеттен 328 миллион теңге бөлініп, төрт көшеге асфальт төселіп жатыр. Атап айтқанда, Әбен, Олжабайұлы, Абай көшесінің бас жағы және Шоқай көшелері.

Бұдан бөлек, кентке кіреберісіндегі орталық Есенов көшесінде де күрделі құрылыс жүріп жатыр. Әрине, барлық мәселе бірден шешілмейді, бірақ кезек-кезеңімен өз шешімін тауып келеді деп айтуға негіз бар.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан **Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА**



«Атпалықтар» колледжі

ЖЫЛ ОН ЕКІ АЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ЛАГЕРЬ

«Атпалықтар» колледжі



Облыс әкімі жана орталық жас ұрпақтың жан-жақты дамуына және бос уақытын тиімді өткізуге мүмкіндік беретін маңызды жоба екенін атап өтті.

– Президент саябағы аумағында Мемлекет басшысының қолдауымен жыл бойы үздіксіз қызмет көрсететін оқу-сауықтыру орталығын ашып отырмыз. 10 млрд теңгеге салынған жана нысанның материалдық-техникалық базасы әлемдік озық стандарттарға толық сәйкес келеді. 300 орындық орталық аумағында 5 мың шаршы метрге жуық әкімшілік ғимарат, ауқымды іс-шараларға арналған ивент-аймақ, 4 жайлы жатақхана және қонақүйі үлгісіндегі ғимарат бар. Сонымен қатар балалардың

демалысын тиімді ұйымдастыру үшін барлық қажетті инфрақұрылым мен заманауи жабдықтар орнатылып, демалыс аймақтары жасақталған. Алдағы уақытта 17 мыңнан астам шаршы метр аумағы толық абаттандырылып, қоғаландырылады. Халықаралық Балаларды қорғау күні қарсаңында ашылып отырған бұл орталық Мемлекет басшысының қолдауымен жас ұрпаққа жасалған тамаша тарту, – делі облыс әкімі.

Бүгінде өңірде 180 мыңға жуық мектеп оқушысы бар. Олар жазғы демалысын қызықты әрі пайдалы өткізуге үшін кешенді жұмыс жоспарланған. Биыл 170 мыңнан астам жеткіншек тынығу лагерлеріне, 150 мыңға жуығы мектеп жанындағы

лагерлерде демалады. Өңірде 7 лагер жұмыс істейді.

Оқу-сауықтыру орталығының басты ерекшелігі – қасында заманауи стандарттарға сай Ботаникалық бақтың болуы. Мұнда балалардың экологиялық білімін жетілдіруге және өсімдіктердің экожүйедегі маңызын түсіндіруге бағытталған оқу-танымдық жұмыстар жүргізіледі. Оңтүстік Африка, Орталық және Оңтүстік Америка, Қытайдан әкелінген өсімдіктер өсіріледі.

Саябақтағы нысандар пайдалануға берілген уақыттан бастап, балалар демалу үшін жаз мезгілін күтіп жүрмейді. Сол сәттен бастап жыл он екі айды пайдалы әрі тиімді өткізуге мүмкіндік болады. Жыл он екі ай бойы жұмыс істейтін лагер тек демалыс пен ойын-сауық қана емес, олардың әр түрлі бағытта дамуына ықпал ететін алаң болмақ.

– Балаларымыздың бос уақытын тиімді өткізуге арналған осындай заманауи орталықтың ашылуы – үлкен қуаныш. Бұрын жазғы лагерлер белгілі бір уақытпен ғана шектелетін болса, енді жыл он екі ай бойы жұмыс істейтін орталықтың іске қосылуы – ата-аналар үшін де зор мүмкіндік. Мұнда балалардың білім алып, демалып, жана дүниелерді тануына барлық жағдай жасалғаны көрініп тұр, – делі қала тұрғыны Эльмира Сыздықбаева.


– Президент саябағынан ашылған лагер туралы естіп, қуандым. Мұндай орындар балдәурен шақтың бал дәмін ұмытпастай етіп өткізуге мүмкіндік береді. Әрбір бала жана қырынан ашылуға жағдай жасалады. Лагерлер ой-өрісті дамытып, танымдық дүниелермен танысуға таптырмас орын. Әрбір баланың арманы десе де болады. Менде осы лагерге барып, жана достар тауып, пайдалы сабақтарға қатысып, уақытты қызықты өткізіміз келеді. Жыл бойы жұмыс істейтіні қуантады. Мұнда тек демалып қана қоймай, әр бала түрлі қырынан дамуға мүмкіндік бар екен. Табиғатты танып, түрлі үйірмелерге қатысу қызықты болады деп ойлаймын, – дейді 5 сынып оқушысы Айару Шақірбек.

Рәсімде білім беру саласының дамуына елеулі үлес қосқан мұғалімдер, жана нысан құрылысын мерзімінде аяқтаған мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

А.БАТЫРБАЙҚЫЗЫ,
Суретті түсірген
Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

Басы 1-бетте

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған **Әділхан ӘЙІМЕН**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-7.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Алғашқы 2 рет, сәйкесі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдарды пікір редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» басып үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242)40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3858 Тапсырыс №828

Нөмірдің кезекші редакторы Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

Басы 1-бетте

■ ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВ – 90

ТҰҒЫРЫ БИІК ТҰЛҒА

Әлемді мойындатқан ақын, «Еңбек Қызыл Ту», I дәрежелі «Барыс» ордендерінің иегері, Қазақстанның Еңбек Ері, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері **Олжас Сүлейменов биыл 90 жаста.**

Олжас Омарұлы 1936 жылы Алматы қаласында, әскери қызметкердің отбасында дүниеге келген. Ол «Қазақстанская правда» газетінде, «Қазақфильм» киностудиясында, «Простор» журналында қызмет атқарып, әдебиетке 1955 жылдан бастап қалам тербеген.

Тұңғыш өлеңдер жинағы «Арғымақтар» деген атпен 1961 жылы жарық көрген. Сол жылы шыққан «Адамға табын, жер енді» поэмасы О. Сүлейменов есімін әлемге паш еткен туынды болды. «Нұрлы түндер», Шапағатты шақ», «Мешін жылы», «Қылы кітап» өлеңдер жинақтары ақынның табиғи талантының шырқау шыңы болды.



Оның таңдамалы шығармалары қазақ тіліне аударылып, «Атамекен» деген атпен басылып шықты. Жалпы ақынның туындыларының өне бойында лаулаған алау сезімі ұшқын атты.

Қария тарих – қаптаған жалын, Лап етіп жанған түздерде.

Алауға атам қақтаған жаның, Аңыз қалған біздерге, – деген өлең жолдарынан сол жалынды табу қиын емес. Ақын туындыларынан Қазтуған мен Шалқинің жыраудың екпінін, Қазыбек бидің шешендігін, Махамбеттің өтірікшілігі мен ұлы Абайдың даналығын сезінесің.

Ақынның азаматтық бейнесін әлем мойындаған тұс – 1989 жылы «Невала-Семей» қоғамдық қозғалысын қолдап, Семей қаласындағы ядролық қаруды сынайтын полигонды жаптыруға атсалысуы болды. Қазақ даласына қасірет әкелген сынақ алаңы жабылып, Семей даласында тыныштық орнады.

Ө.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында көрнекті ақын, мемлекет және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтің туғанына 90 жыл толуына арналған «Әлемдік

тұлға» атты дөңгелек үстел өткізілді. Басқосуға Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушысы, тарих ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор Тастанбек Сәтбай, жазушы-эколог Сайлаубай Жұбатырұлы, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының Қызылорда облысындағы өкілі Қаршыға Есімсейітова, өлкетанушы, инженер-гидротехник Әлібек Сабырбаев, ардагер-журналист Қайырбек Мырзахметұлы, «Ақмешіт ақшамы» газетінің бас редакторы Сәрсенкүл Бәйдешқызы, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Гәзиза Әбілда, «Өркеніет» медицина колледжі мен М.Ықсанов атындағы Қызылорда техникалық-IT жоғары колледжінің студенттері және кітапхана оқырмандары қатысты. Жиынды кітапхана басшысы Сапар Көзейібаев жүргізді.

Іс-шара аясында талантты тұлға, қоғам қайраткерінің ақындық болмысы мен қазақ

әдебиетіне қосқан елеулі еңбегі айтылды. Ақынның әр кездегі қоғамдағы тұрақтылық пен ұлт-аралық татулықты, бейбітшілік пен достықты қадірлеуге үндейтін еңбектеріне шолу жасалып, өлеңдері оқылды.

Ақынның өмірі мен шығармашылығына тоқталған тарих ғылымдарының докторы Тастанбек Сәтбай от тілді ақынның 10-12 жасында Толстойдың 12 томдық шығармасын оқып бітіргендігін, ал «Аз и Я» кітабы жарыққа шыққанда үлкен дүмпу болғанын тілге тиек етсе, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Сайлаубай Жұбатырұлы Олжас Сүлейменовпен кездескен сәттерінен естелік айтты.

Мұнан соң Қазақстан Жазушылар одағының облыстағы өкілі Қаршыға Есімсейітова, өлкетанушы Әлібек Сабырбаев, «Ақмешіт ақшамы» газетінің бас редакторы Сәрсенкүл Бихожа каламгердің шығармашылығы жайлы ой қозғап, жас оқырман үшін тағалымы мол іс-шаралар рухани тәрбие көзі екенін тілге тиек етті.

Г.АСҚАРҚЫЗЫ